

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы N 248 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының

Үкіметі**ҚАУЛЫ**

**ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне табиғи газдың жоғары бағасына байланысты мемлекеттік коммуналдық газбен, жылумен жабдықтаушы кәсіпорындарға халық үшін табиғи газ бағасындағы айырманы жабуға Қостанай облысының әкімдігіне ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде аудару үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 966418000 (тоғыз жүз алпыс алты миллион төрт жүз он сегіз мың) теңге сомасында қ а р а ж а т б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қостанай облысының әкімі 2011 жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуы жөнінде есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*